

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы N 1005 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 сәуірдегі N 526 Қаулысы

"Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы N 1005 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 42, 470-құжат) мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген концессияға берілуі мүмкін объектілердің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу үшін іріктелген ұсыныстардың тізілімі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 5, 6 және 7-жолдармен толықтырылсын:

"

5	Астана қаласының жаңа көлік жүйесі	Астана қаласының әкімдігі
6	"Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістермен бірге Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Қорғасқа" автомобиль жолының "Ташкент - Шымкент - Жамбыл облысының шекарасы" учаскесін қайта жаңарту	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
7	"Зияткерлік-көлік жүйесін (ЗКЖ) енгізу және Көкшетау қаласы арқылы Астана - Петропавл автомобиль жолының "Астана - Щучье" учаскесін пайдалану	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов